| | | тыңдайды,<br>Емес олар ұрыншақ – деген өлең жолдарымен бастайды, балалардың естеріне түсіп әрі қарай жалғастырады.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, бүгін, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?<br>«Күзгі әуен» әнін, солай ма?.<br>– Күзде күн суық болғандабалалар қалай секіреді екен? Балалар секіріп көрсетеді.<br>– Қандай ән айтуды үйрендік?<br>«Ойыншықтар» әнін. | **Негізгі бөлім:**<br>Балалар, қазір біз психогимнастика жаттығуларын жасауға дайындаламыз, ол үшін әдемі, үлкен шеңбер жасаймыз. "Қайырлы күн бәріңе!" деп, қолдарды жоғары көтеріп, иіліп амандасу.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?<br>Бұлт екен.<br>– Бұлт ашулы емес, көңілді, жаңбырлатып жатыр, солай ма, балалар?<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Паровоз<br>**Смарт мақсаты:**<br>Балаларға Қ. Мырзалиевтің "Паровоз" өлеңі үзіндісімен таныстыруда паровоз көлігінің дыбысын айтқызып, дыбыстық тіл мәдениетін қалыптастыру; шығарма мазмұнын түсініп, сұрақтарға қарапайым жауаптар | **Тақырыбы:** Жүргізуші әрекетін бақылау<br>**Смарт мақсаты:**<br>Балаларды жүргізушінің әрекетіндегі қимылдарды бақылауға үйрету; жүргізушінің еңбегі туралы жалпы түсінік беру; қоршаған ортадағы таныс объектілерге деген зеректігін, танымын, эмоциялық қабылдауын дамыту; достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** "Көлік", "жүк машинасы", "кабина", "шанақ", "дөңгелек" сөздерін пайдалану арқылы балалардың тілін жетілдіру.<br>**Кіріспе:**<br>**Аудиожазба тыңдау.**<br>Көліктерге толы көшенің дыбысы шығады.<br>- Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не екен?<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жүргізушінің әрекетін бақылау.**<br>Педагог "Жүргізуші" бейнежазбасын көрсетеді.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Педагог балалардың бүгінгі тақырып бойынша материалдарды қаншалықты игергендерін тексеру мақсатында сұрақтар қояды: | **Негізгі бөлім: Кең жол үлгісін зерттеу (кірпіштерден құралған).**<br><br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, бүгін біз не құрастырдық?<br>- Жарайсың, Елдар, бұл жүк машинасына жол.<br>- Балалар, жолымыз тар ма, кең бе?<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:** Біз көлікпен жүреміз<br>**Смарт мақсаты:**<br>"Жапырақтар" әуеніне балаланың эмоциалды, жағымды әсер алатынын қалыптастыру.<br>Дауысты бір келкі, әндетіп шығаруға үйрету, сөздің екпінді буындарын созып айтуға үйрету.<br>Қимылдардың нақты көрсету шеберлігін дамыту<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Бағдаршам, көлік, күзгі жапырақтар, металлофон, | доппен жалпы дамыту жаттығуларына дайындалайық!<br>Барлық балалар доп ойнағанды ұнатады,<br>**Қорытынды бөлім:**<br>**«Кім тыныш?» отырып ойнайтын ойын.**<br>Ойын барысы.<br>Балалар бірінен кейін бірі қатармен жүреді.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>Машинаға арналған дөңгелектер<br>**Смарт мақсаты:**<br>Балаларға автокөліктердің көлемі (үлкен, кішкентай), жүк көлігі мен жеңіл көлік, автобус және оның негізгі бөліктері жайлы білімдерін кеңейту: бояу мен ойыншық мөрлерді қолдануды үйрету<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жеңіл және жүк автокөліктері, дөңгелек, рөл, орындық, машина дыбысының аудиотаспасы.<br>**Кіріспе:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайтаруға машықтау;<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** "Паровоз", "көлік","пыс-пыс"," уһ-уһ","уф-уф", "тақы-түкі" сөздерін пайдалану арқылы сөздік қорды байыту.<br>**Кіріспе:** Біз көңілді баламыз,<br>Саяхатқа шығамыз.<br>Күтіп тұр бізді орман,<br>Шалғай теңіз, көк аспан.<br>**Негізгі бөлім: Өлеңді мәнерлеп оқу.**<br>**Қадыр Мырзалиев. "Паровоз".**<br><br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, біз бүгін қандай тақпақ оқыдық? Паровоз туралы.<br>- Паровоз қалай дыбыстайды?<br>- Иә, "пыс-пыс" - дейді. Қайтала. | - Балалар, бүгін біз көшеде нені көрдік?<br>- Жарайсың, Қамбар, машиналарды, көліктерді көрдік. | қолшатыр<br>**Кіріспе:** Балалар тәрбиешімен бірге "көлікпен" келеді. Педагог музыкалық залда қарсы алады.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Немен келдіңдер?<br>- Көлікпен, машинамен!<br>**Негізгі бөлім:** Балалар, серуендеп жүргенде жел бізге жапырақтарды ұшырып акеліпті. Қане, жинап алайық.<br>- Орманда, біз келеміз,<br>Жапырақты тереміз.<br>Қызыл жапырақ,<br>**Қорытынды бөлім:** Педагог:<br>- Балалар, біз бүгін көп ойнадық, енде топқа барып ары қарай жалғастырыңдар. Сау болыңдар! | **Таңғажайып сәт**<br>Машинаның дыбысы естіледі.<br>**Негізгі бөлім:** Түсініктеме бере отырып, бейнебаянды қарастыру.<br>**«Қандай машиналар болады?»**<br>**Қорытынды бөлім:**<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны «Машина»**<br>Жанармайды құйып ап,<br>Машинаммен зырлаймын (үш рет қол шапалақтап, аяқты тарсылдату).<br>Жолда жүру тәртібін (жүргізушінің қимылын келтіру)<br>Ешқашанда бұзбаймын. |
| Серуен: | 10.30-12.30 | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты: Күннің жылы не салқын екенін айыра білуге үйрету.<br>Еңбек: Аула сыпырушы ағайдың еңбегін қарау<br>Балалармен жеке жұмыс:Аңсармен әңгімелесу: «Сен бүгін қалай киініп келдің?»<br>Қимылды ойындар: «Тауық пен жабайы мысық»<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуеннен оралу. | 11.30-11.50 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті | | | | |
| **Түскі ас** | 11.50-12.30 | Ас мәзірімен таныстыру.Түзу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруға,.рахмет айтуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 12.30-13.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | 15.00-15.30 | Баларға әр түрлі қимылда жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекеттер** | 16.00-16.20 | М.Монтессори ойыны. «Пазлдармен жұмыс». | Ертегілер қонақта<br>Мақсаты;<br>Тапқырлық құзреттілігін дамыту | **Қимылды/ойын:**<br>«Жанды ойыншықтар»<br>Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету | **Ойын:**<br>Кімнің заттары?»<br>Мақсаты:<br>сөйлеуге үйрету | «Ғажайып қапшық»<br>Қыс қызықтары суреттері |
| **Балалармен жеке жұмыс** | 16.30 | Зейнеп, Нұраймен түстер туралы әңгімелесу «Бағдаршам»(сурет қарастыру)<br>Мақсаты:<br>Түс туралы сұрақтарға жауап беруге<br>үйрету. | Азиз ,Раянамен жеке нәтижелі әрекетте жұмыс жүргізу<br>"Менің отбасым"<br><br>Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Аяулым, Исамен ойыншықтардың түрлері жайлы<br>дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық»<br>Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Ойын «Соқыр теке».<br>.М/ы.Балаларды ұйымшылдыққа тапқырлыққа үйрету | Дидактикалық ойын:<br>«Жыл мезгілдері» |
| Серуенге дайындық | 16.40 17.00 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Серуен | 17.00-17.30 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: « Кім қайда барғысы келеді ?» және т.б. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.45-18.00 | Ата аналармен әңгімелесу Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Еркін ойындар | «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | **Кеңес:** Қыс мезгілі болғандықтан аяздан қорғану. Жыл мезгіліне сай киіну. Ата-аналармен кеңес жүргізу | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**Тәрбиелеу - білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан»** кіші топ

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан 3 апта**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесіу** Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б) Таңертеңгі гимнастика (5 мин). | 8.00 - 8.50 | Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | | Үстел үсті театры "Менің ойыншықтарым" | Қуыршақ театры "Менің қуыршағым" ертегі | Ойын-жаттығу Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру | Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру, үстел үсті театры және т.б |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Ойындар ,ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)дайындық** | 8.50 9.20 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру | | | | |
| | | **«Менің ойыншығым»** әңгімелесу. Мақсаты: Сүйікті ойыншықтары туралы айтып беру. | **«Бөліктерді құрастыру» ойыны** Мақсаты: қиынды суреттерден ойыншықтар бейнесін құрастыру. | **«Сәйкестендіріп жина» ойыны** Мақсаты: доптарды түстеріне сәйкес қораптаға жинау. | **«Пирамида жинау» ойыны** Мақсаты: көлеміне қарай жинауға үйрету. | **Ойын: «Дыбысынан таны»** Мақсаты: есту қабілеттерін дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | 9.20 - 10.30 | **Музыка** **Тақырыбы:** Электроника әлемі **Смарт мақсаты:** Балаларды табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; мәдени | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Ғарышқа алыс самғайық! **Смарт мақсаты:** Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Ғарыш әлемінде **Смарт мақсаты:** Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын | **Сенсорика** **Тақырыбы:** Ғарыштағы бояулар **Смарт мақсаты:** Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиетттерін | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Тікұшақпен ұшайық **Смарт мақсаты:** Балалардың белгілі бір бағытта ұйымдасқан түрде қозғалу білігін дамыту, «сарбаз», «тышқан», |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қарым-қатынасқа тәрбиелеу.<br>**4 к модель:**<br>Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** "Техника", "желіде", "шаңсорғыш", "үтік", "шаш кептіргіш", "компьютер", "теледидар", "кір жуғыш", "тоңазытқыш" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалар Э. Парловтың "Марш" екпінімен залға кіреді, ортаны айналып шеңбер жасап тұрады. Музыка жетекшісі балалармен амандасады және әуенге әр түрлі қимылдар жасап билеп алады. «Шаттық шеңбері»<br>**Негізгі бөлім:** Педагог интербелсенді тақтаны қосып, "Электроника әлемі" бейнежазбасынан б алалардың күнделікті өмірде және тұрмыста | отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін "Ғарышқа жетейік!", "Бәрің қандай ептісіңдер!", "Жарайсың!", "Тамаша!" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін педагог:<br>– Балалар, бәріміз әдемі шеңбер жасап, "Көк аспанға самғаймыз!" – деп айтайықшы! "Ғарышқа жетейік!", "Торғайдан жеңіл секіріп...!" сөздерін пайдалана отырып, интербелсенді тақтадан ғарыш әлеміне саяхат жасату; ғарыш әлемі туралы шағын әңгіме құрастыру.<br>**Негізгі бөлім:** | орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Балалардың сөздік қорын "Ұшқыш", "Ғаламшар" сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Кіріспе:** Көркем сөз.<br>Көкке ұшамын -<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>(Тұманбай Молдағалиев)<br><br>**Негізгі бөлім:** 1 .Б.қ. жерде аяқтың арасын ашып отырып, түрлі-түсті жалаушаны екі қолмен ұстау;<br>1-1 жалаушаны жоғары көтеріп, тізеге қою;<br>**Қорытынды бөлім:** Аудиожазба бойынша педагог балалармен тыныс алу жаттығуларын жасап, "Ғарыш" ойынын өткізеді.<br>**Жаратылыстану Тақырыбы:** Тоңазытқыш | ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру; бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру<br>**4 к модель:**<br>Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Бала тілін "бірыңғай", "түсі бірдей", "жарасады", "қызыл", "көп", сары", "жасыл", "күлгін", "ракета", "ат", "көлік", "жұлдыз" сөздері мен тіркестер арқылы жетілдіру.<br>**Кіріспе: Сурет көрсету.**<br><br>Балалар, ай-ай-ай... Біз көп ойыншықпен ойнап көрдік, ал жинауды ұмыттық. Ойыншықтар шаршады. Егер біз келесіде ойыншықтарды | «ит», «құс», «аю» және басқалар сияқты жүру қабілетін қалыптастыру;<br>**4 к модель:**<br>Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** «Ғарыш» тақырыбында балалардың сөздік қорын дамыту. Балалардың сөйлеу қабілетін еліктеу әрекеттері, қимылды және отырып ойнайтын ойындар, көркемсөз, шаттық шеңбері арқылы белсендіру. Сөздік қорға: ғарыш, планета, зымыран, ғарышкерсөздерін енгізу.<br>**Кіріспе:** Самғап биік, көк аспанда<br>Сорғалайды қырандар -<br>Олар білсең ғарышқа<br>Оқтай ұшқан зымырандар<br>**Негізгі бөлім:**<br>Самғап биік, көк аспанда<br>Сорғалайды қырандар -<br>Олар білсең ғарышқа<br>Оқтай ұшқан зымырандар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қолданып жүрген техника түрлерін тағы да көрсетеді.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>– Қандай ән айтуды үйрендік? "Дос болайық бәріміз" әнін.<br>– Балалар, сендер бәрің осы топта доссыңдар, достар бір-бірін ренжітпейді.<br>– Тамаша, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!<br>**Жапсыру Тақырыбы:** Көңілді ұшақ<br>**Смарт мақсаты:** Ермексазбен жұмыс істеуді үйренуді бекіту, ермексаздың дайын бөлшегін жұмсартып, алақанның түзу қозғалысымен есуді, үлгіге байланысты бөлшектерді біріктіру, көзбен өлшеуді түзету; ермексазбен жұмыс | Педагог: Балалар, бәріміз әдемі шеңбер жасайық, жарайсыңдар, енді орамалдармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындаймыз.<br>**Қорытынды бөлім:**<br><br>Балалар, тақтадағы балалар еркін, әдемі билеп жатыр.<br>– Біз де сол балалар сияқты музыка әуенімен еркін билейікші!<br>**Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** Шәйнек<br>**Смарт мақсаты:** Балалардың үй жануарларын шайға шақыру арқылы есте сақтауы мен тілін, дүниетанымы мен зеректігін дамыту. Балалардың қонақ шақыру кәдесіне деген қызығушылықтарын ояту;<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** Баланың сөздік қорын "кіс-кіс", "кә-кә", | **Смарт мақсаты:** Балалардың зейінін, қабылдау қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсіктерін, коммуникативтік дағдыларын дамыту. Балаларда тұрмыстық техникаға деген қызығушылықты ояту және үй қолданысындағы заттарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** "Балмұздақ", "сүт", "ірімшік", "суытады" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе: Ғажайып сәт.**<br><br>**Негізгі бөлім: "Гуілдеп тұрған не?" Тоңазытқыштағы сүт өнімдерімен танысу. Суретті көрсету:**<br><br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, оқу қызметінде біз немен таныстық?<br>- Тоңазытқышпен.<br>- Тоңазытқышта не бар екен? | жинамасақ, олар ғарышқа саяхат жасап кетіп қалады<br>**Негізгі бөлім:**<br><br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай заттармен таныстық?<br>- Түстермен таныстық.<br>- Жарайсыңдар, балалар! | **Қорытынды бөлім:** Педагог әдемі әуенді қосады. Балалармен бірге тыныс алу жаттығуларын өткізеді және «Зымыран» ойынын ойнатады.<br>**Сурет салу Тақырыбы:** Ғарышқа саяхат<br>**Смарт мақсаты:** Балаларды жаңа дәстүрлі емес сурет салу әдісімен таныстыру; балалардың ғарыш туралы алғашқы түсініктерін бекіту.<br>**4 к модель:**<br>**Сөздік жұмыс:**. Ғарыш, планеталар, жұлдыздар, зымыран, ғарышкер, күн сөздерін қайталау:<br>**Кіріспе:** Балалар топқа кіреді. Педагог ойыншық Лунтикке назар аударады.<br>- Қараңызшы балалар бізге кім келді?<br>- Лунтик.<br>**Негізгі бөлім:** Ғарышта өте әдемі. Қараңғы аспанда жұлдыздар мен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | істеу ережесін сақтау.<br>**4 к модель:**<br>Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:**<br>"Көлік", "ұшақ", "есу", "қысу" сөздерімен сөздік қорын кеңейту.<br>**Кіріспе:**<br>**Тосынсый уақыты.**<br>Балалар, қарандар, біреу бізге үлкен қорапша әкеліп тастапты.<br>Ашып көрейк.<br>Педагог қорапшаны ашады, ішінен ойыншық ұшақ шығады.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балаларға педагогтың жапсырған ұшағының үлгісін көрсету.<br>- Балалар, қарандаршы, бұл не?Иә, дұрыс айтасыңдар. Бұл - ұшақ.<br>- Ұшақ - әуе көлігі.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Бүгін біз не жасадық?<br>- Ұшақ!<br>- Ұшақты неден | "шиип-шиип" сөздерін пайдалану арқылы байыту.<br>**Кіріспе:** Қайнаған шәйнектің дыбысы шығады.<br>**Негізгі бөлім:** Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым.<br><br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, бүгін біз қандай қонақтарды шайға шақырдық?<br>Мысық, күшік, тауықты.<br>- Оларды қалай дыбыстап шақырдық?<br>"Кіс-кіс", "кә-кә", "шиип-шиип".<br>Педагог нені қалай дыбыстап шақырғаны жөнінде тағы да пысықтап алады.<br> | - Сүт, май, ірімшік, балмұздақ. | | планеталар жарқырайды. Ал біздің Лунтик бізге көмек сұрап ұшып келді.<br>Білесіңдер ме, алыс ғарышта зұлым сиқыршы бүкіл аспанды ақ түске бояды, енді жұлдыздар да, планеталар да көрінбейді және үйін таба алмайды.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Қараңызшы, балалар қаншалықты әдемі болды. Енді біздің Лунтик үйіне ұшып кете алады. Ол сендерге  рахмет және қош бол дейді." |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жасадық?<br>- Ермексаздан. | | | | |
| Серуен: | 10.30-11.30 | Аспанды бақылау.<br>Мақсаты:<br>• Табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>• Аспанға қарап,ауа райын болжай алуға үйрету.<br>Бақылау барысы:<br>Балалар,қараңдаршы аспан қандай? (таза,ашық). Ендеше ауа райы жылы,ашық. Ал егер аспанды қара бұлт басса,онда қандай ауа райы болады? (бұлтты) Ал егер жел соқса,бұлттар не істейді? (Жел оларды айдап әкетеді)<br>Екпіні қатты самалдан<br>Тұрғандай есіп жел алдан<br>Ағаштар қозғап бұтағын<br>Иеді басын бұтақтың<br>Еңбек әрекеті:<br>Ауладағы,жолдағы қарды тазалау<br>Мақсаты:<br>Келісе отырып,еңбектенуге үйрету.<br>Қимыл қозғалыс ойыны:<br>«Ұшақты қуып жет»<br>Мақсаты:<br>Тәрбиешінің белгісі бойынша,артқа қарамай шапшаң жүгіру | | | | |
| Серуеннен оралу. | 11.30-11.50 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті | | | | |
| **Түскі ас** | 11.50-12.30 | Ас мәзірімен таныстыру.Түзу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруға,.рахмет айтуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 12.30-13.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына  жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | 15.00-15.30 | Баларға әр түрлі қимылда жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза  бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу  бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекеттер** | 16.00-16.20 | М.Монтессори ойыны. «Пазлдармен жұмыс». | Ертегілер қонақта Мақсаты; Тапқырлық құзреттілігін дамыту | **Қимылды/ойын:** «Жанды ойыншықтар» Мақсаты: балаларды аңдардың жүрісін келтіріп жүруге үйрету | **Ойын:** «Топтастыр» Мақсаты: сөйлеуге үйрету | «Ғажайып қапшық» Электроника әлеміне саяхат |
| **Балалармен жеке жұмыс** | 16.30 | Зейнеп, Нұраймен түстер туралы әңгімелесу «Бағдаршам»(сурет қарастыру) Мақсаты: Түс туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Азиз ,Раянамен жеке нәтижелі әрекетте жұмыс жүргізу "Менің отбасым" Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Аяулым, Исамен ойыншықтардың түрлері жайлы дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Ойын «Соқыр теке». .М/ы.Балаларды ұйымшылдыққа тапқырлыққа үйрету | Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» |
| Серуенге дайындық | 16.40 17.00 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 17.00-17.30 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: « Кім қандай ойын ойнағысы келеді?» және т.б. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.45-18.00 | Ата аналармен әңгімелесу Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу қайтуы. Еркін ойындар | «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат. | **Кеңес:** Қыс мезгілі болғандықтан аяздан қорғану. Жыл мезгіліне сай киіну. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**Тәрбиелеу - білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан»** кіші топ

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан 4 апта**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** **Ата-аналармен әңгімелесіу** Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б) Таңертеңгі гимнастика (5 мин). | 8.00 - 8.50 | Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | | Ойыншықтар туралы әңгімелесу. Ойыншық суретін құрастыру Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгімелесу "Менің ойыншығым" Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту. | Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Ойындар ,ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)дайындық** | 8.50 9.20 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру | | | | |
| | | Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | 9.20 - 10.30 | **Музыка** **Тақырыбы:** Ұшқыш боламын **Смарт мақсаты:** Балаларды әнді тыңдап, музыкалық сипатын ажырып, ырғаққа сай қимылдауға | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Біз мергенбіз **Смарт мақсаты:** Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды гимнастикалық | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Біз-кішкентай спортшылармыз **Смарт мақсаты:** Жаттығуларды орындау кезінде балаларды педагог берген белгілерге жылдам және нақты әрекет етуге үйрету. Балаларда дене | **Құрастыру** **Тақырыбы:** Қонаққа орындықтар **Смарт мақсаты:** Балаларды текше және кірпіштерден орындықтар құрастыруға үйрету; | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Мерген болайық **Смарт мақсаты:** Балалардың жүру және жүгіру біліктерін нығайту, шектеулі беткейдің үстімен бірінен кейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ынталандыру; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** "Планетарий", "ұшқыш", "найзағай", "Лайк" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Интербелсенді тақтадан ұшақтың жерге қонғаны туралы бейнежазба көрсетіледі.<br>**Негізгі бөлім:**<br><br>Балалар, мына суретке қарандаршы, мұнда балалар не істеп жүр?<br>– Иә, дұрыс айтасыңдар, ұшақты қағаздан жасап алып, ұшырып жүр.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Оқу қызметінің аяғында педагог қорытындылайды.<br>– Балалар, оқу | таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Сөздікті жаңа сөз тіркестерімен байыту: екі аяқпен алға, гимнастикалық таспадан (лентадан), арқаннан секіру. Балалардың сөйлеу тілін еліктеу әрекеттері, белсенді және отырып ойнайтын ойындар, көркемсөз, шаттық шеңберлері арқылы белсендіру.<br>**Кіріспе: Сәлемдесу. «Сәлемдесейік!»**<br>Педагогтің белгісі бойынша балалар бөлмеде қозғала бастайды және жолда кездескендердің бәрімен амандасады. Бұл кезде ережелер сақталуы керек: жүргізуші бір рет шапалақтаса, балалар қол алысады.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалар, бәріміз құс болайық. Құстар жерге қонып жүре | дамуының қарапайым түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру: ептілік, төзімділік, батылдық<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Сөздікті жаңа сөздермен байыту (менің қалам - Нұр-Сұлтан, Қазақстан), балалардың жаңа сөздерді игеруі. Балалардың сөйлеуін еліктеу әрекеттері, қимылды ойындар арқылы белсендіру.<br>**Кіріспе:** Балалар залға педагогпен бірге бірінен кейін бірі жүріп кіреді. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады (немесе иллюстрациялар дайындауға болады). Спорт түрлеріне қатысты суреттерді қарастыру.<br>**Негізгі бөлім:** Балалар, барлығымыз әдемі шеңбер құрайық. Жарайсыңдар!<br>- Балалар, әдемі әуенге ілесіп жалаушалармен жаттығулар жасайық!<br>**Қорытынды бөлім:** Күнім, күнім ... (Сәулем, сәулем...) Балалар өлең оқып, қимылдың бағытын көрсетіп тұрған тәрбиешіні айнала қоршап тұрады. Балалар оның артынан | құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде түсініктер бере отырып, оның қасиетін іс-тәжиребеде тексеруге жаттықтыру;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді, "түзедім", "тіреп қойдым", "орындық" сөздері арқылы жетілдіру.<br>**Кіріспе: Суретті (мазмұнды) көрсету.**<br><br>**Негізгі бөлім: "Орындық" үлгісін көрсету** (кірпіштерден құрылған). | бірі жүру; шеңберде жүру және жүгіру; мәтінге сәйкес әрекеттерді орындау, кеңістікті бағдарлау мүмкіндігі; бір-бірімен соқтығыспай, ретсіз қозғалу;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** «Көктем», «Қар ериді» тақырыптары бойынша балалардың сөздік қорын байыту. Сөздік қорға: наурыз, тамшылар, көктем сөздерін енгізу. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br>**Кіріспе:** Наурыз шатырға мұз іліп қойды. (қол ұстасып шеңбер бойымен жүреміз)<br>Тамшылар сырт-сырт етті. (тоқтады, ырғақты шапалақ)<br>Күн аспанда биіктейді. (қолыңызды жоғары қою)<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалар, бәріміз жоғары қарай |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қызметінде қандай ән тыңдадық?<br>«Ұшқыш» әнін.<br>– Балалар, кім ұшқыш болғыларын келеді ма? | бастады.<br>- Қарандаршы, балалар, құстар қалай жүреді? Аяқтарын жоғары көтереді.<br>**Қорытынды бөлім:** Торғайлар жүгіріп болды. Ойыннан шаршады. Олардың ұйықтағысы келді. Олар төсектеріне жатты, көздерін жұмды. Олар қимылсыз жатыр. Кішкентай торғайлар ұйықтай бастады.<br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Көше тазалаушы<br>**Смарт мақсаты:** Балаларды Қ. Мырзалиевтің "Көше тазалаушы" өлеңімен таныстыру, мазмұнын түсіну қабілетін арттыру; көше тазалаушының еңбегі туралы түсініктер беру; көше тазалаушының әрекеттері туралы өлеңде кездесетін сөздермен жеткізуге машықтау<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** «Сыпырғыш», «мамандық», «қоқыс» | қайталайды.<br>О, алтын күн, алтын күн,<br>**Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** Қуыршақ Дана мен дәрігер<br>**Смарт мақсаты:** Балаларды дәрігер қызметімен және дәрігер құралдарының адамды емдеудегі ерекшеліктерімен ойын арқылы таныстыру; дәрігер мамандығының ерекшелігі туралы түсінік беру;<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** "Емдеу", "ауырма", "жазылды", "фонендоскоп", "екпе" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалар, бүгін бізге қуыршақ Дана қонаққа келді. Оның тамағы ауырып қалыпты. Төсекке жатқызайық.<br><br>**Негізгі бөлім: Дәрігер еңбегімен танысу.**<br><br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, бүгін оқу | <br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, қуыршақ Дана сендерге риза болып кетті. Мен де ризамын. Бүгін оқу қызметінде өте жақсы белсенді болдыңдар!<br>- Қандай әдемі, мықты орындықтар құрастырып шықтыңдар! Жарайсыңдар, балалар!<br>- Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**Би билейміз баршамыз<br>**Смарт мақсаты:** Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** Күн, | созылайық, алақанымызды күнге созамыз. Қарды тезерітуді сұраймыз (аяқтың ұшына тұрып, қолымызды жоғары созу). Қолымызды түсіреміз, содан кейін тағы да созамыз. (5-6 рет)<br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, біздің серуеніміз аяқталды. Қайтатын уақыт келді.<br>Релаксация, аутотренинг жаттығуы.<br>Балалар шеңбер құрып қолдарын бір-бірінің иықтарына қойып, көздерін жұмып баяу әнге ілесе қимылдарды орындайды.<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** Жасыл желек<br>**Смарт мақсаты:** Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, оның ұшын бояуға малып, біркелкі қимылдармен ағаштың ең биік басына жақпалар жағып отыруға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сөздерін пайдалану арқылы балалардың сөздік қорын байыту.<br>**Кіріспе:** Көше тазалаушының сыпырғышпен көше тазалап жатқаны бейнеленген, жанында екі дөңгелегі бар арбасы тұр.<br><br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалар, сендерге Қадыр Мырзалиевтің "Көше тазалаушы" өлеңін оқып берейін.<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, біз бүгін қандай тақпақ оқыдық? Көше тазалаушы туралы. | қызметінде бізге қандай қонақ келді?<br>- Қуыршақ Дана.<br>- Қуыршақ Данада не бар? Дәрумендер бар.<br>- Қуыршақ Данаға дәрумен не үшін керек? | жаз, барабан-дауылпаз, пойыз.<br>**Кіріспе:** Балалар, сендер бүгін өте көңілдісіңдер. Пойызбен барған саяхатты есімізге түсірейік.<br>Қане, барлығымыз пойызға отырайық, саяхатқа барайық!<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалар, алақандарымызды ашайықшы.<br>Саусақтармен біз ойнаймыз.<br>«Саусақтар»<br>Саусақтармен ойнаймыз,<br>Саусақтармен билейміз,<br>Саусақтармен жүгіреміз,<br>Саусақтармен секіреміз!<br>**Қорытынды бөлім:**<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>- Біз бүгін өте көп мағлұмат алып, жақсы көңіл көтердік. Жаз мезгілімізге қуанып, көтеріңкі көңілде болайық!<br>- Сау болыңдар, балалар! | үйрету;<br>қылқаламның түгінде бояудың бітіп қалмауын үнемі қадағалауға дағдыландыру;<br>қылқаламмен салынған "жапырақтарды" байқап, бос жерлерге қайта салу қабілетіне баулу;<br>**4 к модель:** Сыни ойлау дағдысы<br>**Сөздік жұмыс:** Бала сөйлеуін "жасыл желек", "бұталар" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру.<br>**Кіріспе:**<br>**Сурет көрсету**<br><br>**Негізгі бөлім: Үлгі көрсету.**<br><br>**Қорытынды бөлім:**<br>Балалар, бүгін біз ненің суретін салдық? Ағаштың.<br>- Балалар, мынау жасыл желекті ағаш. |
| Серуен: | 10.30- | Жаңбырды бақылау. | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 11.30 | Мақсаты:<br>Табиғат құбылысы жаңбырмен танысу.<br>Бақылау барысы:<br>Жаңбыр жауып тұрған күні жаңбырдың тамшылары жерге түсіп жатқандығын терезеден бақылау. Тәрбиеші алдын ала терезенің сыртына ыдыс қойып қояды. Ал сосын балалармен сартылдап ағып жатқандығын тыңдайды.<br>Жау жау жаңбыр,жау жаңбыр<br>Арық суы мол болсын<br>Өсімдіктер көп болсын<br>Жүрген жерде шөп болсын.<br>Еңбек әрекеті:<br>Жаңбырдың суымен бөлме өсімдіктерін суару.<br>Мақсаты:<br>Бөлме өсімдіктерін күте алуға қолғабыс ету.<br>Қимыл қозғалыс ойыны:<br>«Күннің көзі мен жаңбыр» | | | | |
| Серуеннен оралу. | 11.30-11.50 | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті | | | | |
| **Түскі ас** | 11.50-12.30 | Ас мәзірімен таныстыру.Түзу дұрыс отыруын қадағалау.Қасықты оң қолға, нанды сол қолға ұстауды үйрету. Тамақ үстінде жан жағына қарамай дұрыс және сөйлемей отыруға,.рахмет айтуға үйрету. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 12.30-13.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | 15.00-15.30 | Баларға әр түрлі қимылда жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу<br>**Ойын- жаттығу :**<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.00 | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекеттер**<br><br>**Балалармен жеке** | 16.00-16.2 | «Менің төсегім» Сурет құрастыру | «Жасырылғанын тап» ойыны<br>Асты таза ,ұқыпты ішуге ,ас үстінде түзу отыруға үйрету. | Ойын-жаттығу<br>Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру | Ойын "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау)<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б<br>**Санамақ айту»**<br>Бөрік тіктім | Сюжеттік ойыншықтар мен ойындар, ертегі оқып беру, үстел үсті театры және т.б |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыс** | 16.30 | **Жеке баламен жұмыс:** Тұрғанбай Нұрайымға дене шынықтыру оқу қызметіне барғанда залда жүгіруге болмайтынын түсіндіру. | | **Музыкалық - ырғақтық жаттығулар**. Аянат ,Мунира музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату | Он ойланып<br>Тоғыз толғанып,<br>Сегіз рет сызып,<br>Жеті рет бұзып.<br>Алты рет қарап,<br>Бес рет санап,<br>Төрт рет қадап.<br>Үш тал үкі тағып,<br>Екі қолым талып.<br>Бір бөрік тіктім,<br>Әзер деп біттім. | көргендерін бірнеше сөзбен әңгімелеп және сурет бойынша әңгімелеп беруді үйрету |
| Серуенге дайындық | 16.40 17.00 | Киіну: серуенге шығу. | | | | |
| Серуен | 17.00-17.30 | Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: « Кім қандай ойын ойнағысы келеді?» және т.б. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | 17.45-18.00 | Ата аналармен әңгімелесу<br>Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу қайтуы.<br>Еркін ойындар | «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» Ата-аналармен сұхбат. | **Кеңес:** Қыс мезгілі болғандықтан аяздан қорғану. Жыл мезгіліне сай киіну. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру |

**Тәрбиелеу - білім беру циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі” КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»

**«Балапан»** кіші топ

**Балалардың жасы:** 1-2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз 1 апта**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** **Ата-аналармен әңгімелесіу** Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б) Таңертеңгі гимнастика (5 мин). | 8.00 - 8.50 | Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | | Ойыншықтар туралы әңгімелесу. Ойыншық суретін құрастыру Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Әңгімелесу "Менің ойыншығым" Мақсаты: Баланың сөздік қорын молайту. | Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. | Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсаты: Қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | | **Жаттығулар кешені** | | | | |
| **Ойындар ,ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)дайындық** | 8.50 9.20 | Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар ұйымдастыру | | | | |
| | | Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, дидактикалық ойын материалдарын дайындау | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі** | 9.20 - 10.30 | **Музыка** **Тақырыбы:** Наурыз-жыл басы **Смарт мақсаты:** Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын түсіне білуге үйрету; салт-дәстүрлік әннің | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Қазақтың ұлттық ойыны **Смарт мақсаты:** Балаларда еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Арқан тарту **Смарт мақсаты:** Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге | **Сенсорика** **Тақырыбы:** Қорапшадағы мерекелік кәмпиттер **Смарт мақсаты:** Балаларды әртүрлі заттардың көлемі бойынша екі топқа бөліп, | **Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Түзу арқан **Смарт мақсаты:** Балаларда қолдарын дағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | айтылу ерекшелігін дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; салт-дәстүрге құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** "Жаңғырған салт-дәстүрім!", "Қара жорға", "Наурыз – жыл басы", "Қызыр ата батасы", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі "Наурыз келді, алақай. Жаңартып жерді, балақай!", "Жаңғырған салт-дәстүрім!", "Қара жорға", "Наурыз – жыл басы", "Қызыр ата батасы", "Алас-алас" деп айта | кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру.<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру мақсатында "Наурыз келді, жыл басы!" деген сөзді пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру мақсатында "Наурыз келді, жыл басы!" деген сөзді айта отырып, интербелсенді тақтадан "Наурыз" мерекесіне байланысты суреттер көрсету. | дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту; балалардың еденге қойылған арқан бойымен түзу жүре білу қабілетін дамыту.<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін "Наурыз келді, жыл басы!", "Қызыр ата батасы", "Бәрің қандай мықтысыңдар!", "Жарайсың!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру мақсатында "Наурыз келді, жыл басы!", "Билейік, көктем гүліндей", "Еңбекпен тапқан нан тәтті", "Қызыр ата батасы" деген сөздерді айта отырып, интербелсенді тақтадан<br>**Негізгі бөлім:** Балалар, бүгін біз әдемі шеңбер құрып, "Билейік, көктем гүліндей" деп гүлдермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасаймыз. **"Арқан тарту" қимылды ойыны** | сәйкестендіруге және біріктіруге үйрету; заттарды сенсорлық сипаттарға сай салыстырып, жаттығулар арқылы қабылдай білу қабілеттерін арттыру;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Бала тілін "сияды", "сыймайды", "үлкен", "кішкентай" сөздерін пайдалану арқылы жетілдіру.<br>**Кіріспе:** Балалар, біреу екі қорапша тастап кетіпті.<br><br>**Негізгі бөлім: "Сияды-сыймайды" дамытушы ойыны.**<br><br>**Қорытынды бөлім:** Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай әрекетпен | жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүргізу;<br>**4 к модель:** Креативті ойлау<br>**Сөздік жұмыс:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру мақсатында "Наурыз келді, жыл басы!", "Билейік, көктем гүліндей", "Еңбекпен тапқан нан тәтті", "Қызыр ата батасы" деген сөздерді пайдалану.<br>**Кіріспе:** Балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру мақсатында "Наурыз келді, жыл басы!", "Билейік, көктем гүліндей", "Еңбекпен тапқан нан тәтті", "Қызыр ата батасы" деген сөздерді айта отырып, интербелсенді тақтадан елімізде жыл сайын тойланатын "Наурыз" мерекесі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
